

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ, ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
10 мамыр 1994 ж. N 493. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы
27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Еңбекті қорғау туралы" Заңын орындау үшін
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі:

кәсіпорындардың және еңбекті қорғау басқармалары органдарының еңбекті
қорғау қызметтерін кадрлармен қамтамасыз ету үшін Қазақстан
Республикасының жоғары оқу орындарының мамандықтар тізбесін мамандықтар
немесе мамандандырулар атауларымен толықтырсын;

тиісті оқу-тақырыптық жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеуді және
бекітуді қамтамасыз етсін;

еңбекті қорғау мамандарын даярлау жөнінде базалық жоғары оқу орындарын
анықтасын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Білім министрлігімен,
басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен, холдинг
компанияларымен, бірлестіктермен және концерндермен бірлесіп, экономиканың
еңбекті қорғау туралы мамандарға деген қажеттілігін анықтасын және аталған
мамандарды даярлау және қайта даярлау жоспарын бекітсін.

3. Кәсіпорындардың және еңбекті қорғау басқармалары органдарының
еңбекті қорғау жөніндегі мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың
біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты үйлестіру Қазақстан Республикасының
Еңбек министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі